

**Қазақстан Республикасы**  
**Денсаулық сақтау министрлігі**  
**Фармация комитеті**  
**төрағасының**  
**2019 жылғы “27” қыркүйек**  
**№ N023860 бұйрығымен**  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Медициналық мақсаттағы бұйымды**  
**медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық**

**Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы**

Клиникалық материалдағы 16 және 18 типтеріндегі адам папилломасы вирустары (АПВ) ДНҚ-сын гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен полимеразалы тізбекті реакция (ПТР) әдісімен анықтауға және дифференциациялауға арналған «АмплиСенс® АПВ 16/18-FL» реагенттер жинағы.

**Бұйымның құрамы мен сипаттамасы**

**Тағайындалуы**

«АмплиСенс® АПВ 16/18-FL» реагенттер жинағы клиникалық материалдағы амплификация өнімдерін гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен полимеразалық тізбекті реакциясы (ПТР) әдісімен 16 және 18 гентиптеріндегі адам папилломасы вирустары (АПВ) ДНҚ-сын анықтауға және дифференциациялауға арналған. ПТР жүргізуге арналған материал ретінде урогенитальді жол шырышты қабаттарының бөлінділерінен қырынды әдісімен алынған ДНҚ сынамалары қолданылады.

Реагенттер жинағын вирустың екі неғұрлым онкогенді гентипін дифференциациялауға мүмкіндік беретін папилломавирустық инфекцияның диагностикасы кезінде екінші ретінде қарастыру ұсынылады. Диагностиканың бірінші кезеңінде Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН өндірген, АПВ жоғарыонкогендік гентиптерінің кең ауқымын (11–14 гентиптер) анықтайтын «АмплиСенс® АПВ ВКР скрин-ЕPh» (электрофорездік детекциялаумен), «АмплиСенс® АПВ ВКР скрин-FL 2х», «АмплиСенс® АПВ ВКР скрин-FL 3х» немесе «АмплиСенс® АПВ ВКР скрин-титр-FL» (гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен) реагенттер жинақтарын пайдалану ұсынылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** ПТР-зерттеулерінің нәтижелері аурудың кешенді диагностикасында ескеріледі.<sup>1</sup>

---

<sup>1</sup> 98/79/ ЕО Еуропалық Одақтың директивасына сәйкес.

## Әдістің принципі

Гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен полимеразалық тізбекті реакциясы (ПТР) әдісімен АПВ ДНҚ анықтау үш сатыны: клиникалық материалдың үлгілерінен ДНҚ экстракциялауды, берілген микроорганизмнің ДНҚ аймағын ПТР-амплификациялау мен гибридизациялық-флуоресценттік детекциялауды қамтиды. Флуоресцентті дабылды детекциялау FER форматын пайдалану кезінде флуоресцентті ПТР-детектордың көмегімен ПТР аяқталғаннан кейін, ал FRT форматын пайдалану кезінде «нақты уақыт» режимінде флуоресценттік дабылды детекциялау жүйесі бар амплификатордың көмегімен тікелей ПТР барысында жүзеге асырылады.

Әдіс эндогендік ішкі бақылау ретінде пайдаланылатын  $\beta$ -глобинді генінің АПВ ДНҚ аймақтарын және ДНҚ аймағын бір мезгілде амплификациялауға негізделген. 16 және 18 гентиптеріндегі АПВ ДНҚ-сы болуына ПТР-зерттеу бір пробиркада жүргізіледі. Ішкі бақылау ретінде таңдалған ДНҚ-нысанасы адам геномының бөлігі болып табылады және әрдайым үлгіде (цервикальдік қырынды) жағындыдағы жасушалар санына барабар жеткілікті мөлшерде ( $10^5 - 10^7$  жасуша/мл) болуы керек. Осылайша, эндогендік ішкі бақылау ПТР-зерттеу кезеңдерін (ДНҚ экстракциясын және амплификация жүргізу) бақылауға ғана емес, сонымен қатар материал алу мен оны сақтаудың дұрыстығын бағалауға мүмкіндік береді. Егер эпителий қырындысы дұрыс алынбаған жағдайда (эпителий жасушаларының саны жеткіліксіз),  $\beta$ -глобиндік генді амплификациялау дабылы төмендетілген болады.

## Талдамалық сипаттамалар

### Талдамалық сезімталдық

Клиникалық материалдың түрі	Тасымалдау ортасы	ДНҚ бөліп алуға арналған жиынтық	Амплификация мен детекцияға арналған жиынтық	Талдамалық сезімталдық, ГЭ/мл <sup>2</sup>
Цервикальдік эпителий қырындысы	«Муколитикпен тасымалдау ортасы (МТО)»	«ДНҚ-сорб-АМ»	«ПТР-жиынтық»	$1 \times 10^3$

Әрбір нысана үшін реагенттер жинағын сызықтық өлшеу диапазоны  $10^3$ -ден  $10^8$  ГЭ/мл-ге дейінді құрайды.

### Талдамалық спецификалығы

Реагенттер жинағы 16 және 18 гентиптеріндегі АПВ ДНҚ-сы фрагментін анықтайды. Жинақтың талдамалық спецификалығы әртүрлі микроорганизмдердің ДНҚ/РНҚ реакциясына қосу арқылы зерттелді (2, 3 және 7 типтеріндегі аденовирус, цитомегаловирус, Эпштейн-Барр вирусы, желшешек вирусы, В, С гепатиті вирусы, бірінші типті адам иммунтапшылығы вирусы, 6 және 8 типті адам герпесі вирусы, қарапайым

<sup>2</sup> Көрсетілген тасымалдау ортасына орналастырылған 1 мл клиникалық материал үлгісіндегі микроорганизмнің геномдық баламаларының (ГЭ) саны.

герпес вирусы, *Chlamydia trachomatis*, *Mycoplasma hominis*, *Mycoplasma genitalium*, *Ureaplasma urealyticum*, *Gardnerella vaginalis*, *Neisseria gonorrhoeae*, *Trichomonas vaginalis*, *Candida albicans*, *Streptococcus pyogenes*, *Staphylococcus aureus*, β, γ, μ тұқымдасы (1, 3, 4, 5, 8, 37, 38, 65, 20, 24, 49, 50, 15), α төмен және белгіленбеген қауіптегі (6, 11, 26, 53, 7, 27, 10), α тұқымдасы жоғары канцерогенді қауіптегі (31, 33, 35, 39, 45, 51, 52, 56, 58, 59, 67, 68) адам папилломасы вирустары ДНҚ концентрацияда мл-ге АПВ ДНҚ 10<sup>8</sup> көшірмелері). Сонымен қатар айқаспалы реакциялар анықталмады.

## Жинақ құрамы

### ҒЕР НҰСҚАСЫ

«ДНҚ-сорб-АМ» реагенттер жиынтығы 100 нұсқасы – клиникалық материалдан ДНҚ экстракциялауға арналған реагенттер жиынтығында мыналар бар:

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
Лизистейтін ерітінді	Мөлдір түссіз сұйықтық <sup>3</sup>	30	1 құты
Шаятын ерітінді	Мөлдір түссіз сұйықтық	100	1 құты
Әмбебап сорбент	Ақ түсті суспензия	1,0	2 пробирка
ДНҚ элюциясына арналған ТЕ-буфер	Мөлдір түссіз сұйықтық	5,0	2 пробирка

Реагенттер жиынтығы бақылауды қоса алғанда 100 сынамадан ДНҚ бөліп алуға есептелген. Жиынтықталымның 4, 5 және 6 түрлерінің құрамына кіреді.

«ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығы ҒЕР нұсқасы – «ақырғы нүкте» бойынша гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен 16 және 18 гентиптеріндегі адам папилломасы вирустары (АПВ) ДНҚ-сын амплификациялау мен дифференциациялауға арналған реагенттер жиынтығында мыналар бар:

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18 балауыз астында тамызылды	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,01	Көлемі 0,5 немесе 0,2 мл 110 пробирка
ПТР-қоспа-2-FL-red	Қызыл түсті мөлдір сұйықтық	1,1	1 пробирка
ПТР-қоспа-Фон-red	Қызыл түсті мөлдір сұйықтық	0,6	1 пробирка
ПТР-ға арналған минералды май	Түссіз тұтқыр сұйықтық сұйықтық	4,0	1 құты
16, 18 типтердегі АПВ ДНҚ және адам ДНҚ ОБУ	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,2	1 пробирка

<sup>3</sup> Лизистейтін ерітіндіні 2°C-ден 8 °C-ге дейінгі температурада сақтаған кезде кристалдар түрінде тұнба түзілуі мүмкін.

ДНҚ -буфер	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,5	1 пробирка
------------	------------------------	-----	------------

Реагенттер жиынтығы бақылауды және фоновые үлгілерді қоса алғанда амплификацияның 110 реакциясын жүргізуге есептелген.

Реагенттер жиынтығына экстракция кезеңінің бақылау үлгісі қоса беріледі:

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
ТБҮ	Мөлдір түссіз сұйықтық	1,2	1 пробирка

**«ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығы FER-100 F нұсқасы** «ақырғы нүкте» бойынша гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен адам папилломасы вирустары (АПВ) 16 және 18 гентиптерін ДНҚ-сын амплификациялау мен дифференциациялауға арналған реагенттер жиынтығында **мыналар бар:**

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,3	4 пробирка
ПТР-қоспа-2-FRT	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,3	2 пробирка
Полимераза (TaqF)	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,03	2 пробирка
ПТР-қоспа-Фон	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,5	1 пробирка
ПТР үшін минералды май	Түссіз тұтқыр сұйықтық	4,0	1 құты
16, 18 типтердегі АПВ ДНҚ ОБҮ және адамның ДНҚ-сы	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,2	1 пробирка
ДНҚ -буфер	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,5	1 пробирка

Реагенттер жиынтығы бақылауды және фондық үлгілерді қоса алғанда амплификацияның 110 реакциясын жүргізуге есептелген.

Реагенттер жиынтығына экстракция кезеңінің бақылау үлгісі қоса беріледі:

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
ТБҮ	Мөлдір түссіз сұйықтық	1,2	1 пробирка

### **FRT НҰСҚАСЫ**

**«ДНҚ-сорб-АМ» реагенттер жиынтығы 100 нұсқасы** – клиникалық материалдан ДНҚ экстракциялауға арналған реагенттер жиынтығында **мыналар бар:**

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
Лизистейтін ерітінді	Мөлдір түссіз сұйықтық <sup>4</sup>	30	1 құты
Шаятын ерітінді	Мөлдір түссіз сұйықтық	100	1 құты

<sup>4</sup> Лизистейтін ерітіндіні 2°С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтаған кезде кристалдар түрінде тұнба түзілуі мүмкін.

Әмбебап сорбент	Ақ түсті суспензия	1,0	2 пробирка
ДНҚ элюциясына арналған ТЕ-буфер	Мөлдір түссіз сұйықтық	5,0	2 пробирка

Реагенттер жиынтығы бақылауды қоса алғанда 100 сынамадан ДНҚ бөліп алуға есептелген. Жиынтықталымның 3 және 4 түрлерінің құрамына кіреді.

**«ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығы FRT нұсқасы** – «нақты уақыт» режимінде гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен адам папилломасы вирустары (АПВ) 16 және 18 гентиптерін ДНҚ-сын амплификациялауға, дифференциациялауға және сандық анықтауға арналған реагенттер жиынтығында **мыналар бар:**

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18 балауыз астында тамызылды	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,01	Көлемі 0,2 мл 110 пробирка
ПТР-қоспа-2-FL-red	Қызыл түсті мөлдір сұйықтық	1,1	1 пробирка
К1 АПВ 16, 18	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,04	3 пробирка
К2 АПВ 16, 18	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,04	3 пробирка
К3 АПВ 16, 18	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,04	3 пробирка
ДНҚ -буфер	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,5	1 пробирка

Реагенттер жиынтығы бақылауды қоса алғанда амплификацияның 110 реакциясын жүргізуге есептелген.

Реагенттер жиынтығына экстракция кезеңінің бақылау үлгісі қоса беріледі:

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
ТБҮ	Мөлдір түссіз сұйықтық	1,2	1 пробирка

**Реагенттер жиынтығына мыналар қоса беріледі:**

- 16 және 18 гентиптеріндегі АПВ ДНҚ-сы санын автоматты есептеуге және нәтижелерді интерпретациялауға арналған Microsoft Excel AmpliSens HPV 16-18 Results Matrix форматындағы бағдарламалық қамтамасыз ету;

**«ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығы FRT-100 F нұсқасы** – «нақты уақыт» режимінде гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен адам папилломасы вирустары (АПВ) 16 және 18 гентиптерін ДНҚ-сын амплификациялауға, дифференциациялауға және сандық анықтауға арналған реагенттер жиынтығында **мыналар бар:**

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,3	4 пробирка
ПТР-қоспа-2-FRT	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,3	2 пробирка
Полимераза (TaqF)	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,03	2 пробирка

<b>К1 АПВ 16, 18</b>	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,04	3 пробирка
<b>К2 АПВ 16, 18</b>	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,04	3 пробирка
<b>К3 АПВ 16, 18</b>	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,04	3 пробирка
<b>ДНҚ -буфер</b>	Мөлдір түссіз сұйықтық	0,5	1 пробирка

Реагенттер жиынтығы бақылауды қоса алғанда амплификацияның 110 реакциясын жүргізуге есептелген.

Реагенттер жиынтығына экстракция кезеңінің бақылау үлгісі қоса беріледі:

<i>Реактив</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көлемі, мл</i>	<i>Саны</i>
<b>ТБҮ</b>	Мөлдір түссіз сұйықтық	1,2	1 пробирка

**Реагенттер жиынтығына мыналар қоса беріледі:**

- 16 және 18 гентиптеріндегі АПВ ДНҚ-сы санын автоматты есептеуге және нәтижелерді интерпретациялауға арналған Microsoft Excel AmpliSens HPV 16-18 Results Matrix форматындағы бағдарламалық қамтамасыз ету.

### **Қолданылу саласы**

Клиникалық зертханалық диагностика.

### **Жиынтықталымы**

**Реагенттер жинағы 2 форматта шығарылады.**

#### **FER форматы**

Реагенттер жинағы жиынтықталымның 7 түрінде шығарылады:

**1 түрі** «ПТР-жиынтық» FER-100 F нұсқадағы реагенттер жиынтығын қамтиды.

**2 түрі** «ПТР-жиынтық» FER нұсқадағы реагенттер жиынтығын қамтиды (0,5 мл пробиркалар).

**3 түрі** «ПТР-жиынтық» FER нұсқадағы реагенттер жиынтығын қамтиды (0,2 мл пробиркалар).

**4 түрі** «ДНҚ-сорб-АМ» 100 нұсқадағы, «ПТР-жиынтық» FER-100 F нұсқадағы реагенттер жиынтықтарын қамтиды.

**5 түрі** «ДНҚ-сорб-АМ» 100 нұсқадағы, «ПТР-жиынтық» FER нұсқадағы реагенттер жиынтықтарын қамтиды (0,5 мл пробиркалар).

**6 түрі** «ДНҚ-сорб-АМ» 100 нұсқадағы, «ПТР-жиынтық» FER нұсқадағы реагенттер жиынтықтарын қамтиды (0,2 мл пробиркалар).

**7 түрі** көтерме, жекелеген реагенттер бойынша алдын ала қапталған, олардың көтерме қаптамасында реагенттердің таңбасы бар реагенттер жинақтарын қамтиды.

Жиынтықталымның 1, 2 және 3 түрлері «ақырғы нүкте» бойынша гибридизациялық-флуоресцентті детекциялаумен 16, 18 типтердегі АПВ ДНҚ амплификациясын жүргізуге арналған.

Толық ПТР-зерттеу жүргізу үшін Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН ұсынған ДНҚ экстракциялауға арналған реагенттер жиынтықтарын пайдалану қажет.

Жиынтықталымның 4, 5 және 6 түрлері клиникалық материалдан ДНҚ экстракциялауды қамтитын толық ПТР-зерттеуін және «ақырғы нүкте» бойынша гибридизациялық-флуоресцентті детекциялаумен 16, 18 типтердегі АПВ ДНҚ амплификациясын жүргізуге арналған.

Жиынтықталымның 7 түрі тапсырыс берушінің тілінде және жинақтар бойынша жиынтықталымның келесі таңбалануы үшін өндірістік мақсаттарға арналған.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жиынтықталымның 7 түрі Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН бекітілген регламентке сәйкес қана пайдаланылады.

### **FRT форматы**

Реагенттер жинағы жиынтықталымның 5 түрінде шығарылады:

**1 түрі** «ПТР-жиынтық» FRT-100 F нұсқадағы реагенттер жиынтығын қамтиды.

**2 түрі** «ПТР-жиынтық» FRT нұсқадағы реагенттер жиынтығын қамтиды.

**3 түрі** «ДНҚ-сорб-АМ» 100 нұсқадағы, «ПТР-жиынтық» FRT-100 F нұсқадағы реагенттер жиынтықтарын қамтиды.

**4 түрі** «ДНҚ-сорб-АМ» 100 нұсқадағы, «ПТР-жиынтық» FRT нұсқадағы реагенттер жиынтықтарын қамтиды.

**5 түрі** көтерме, жекелеген реагенттер бойынша алдын ала қапталған, олардың көтерме қаптамасында реагенттердің таңбасы бар реагенттер жинақтарын қамтиды.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** FRT форматындағы реагенттер жинағының 1-4 шығару түрлерін 16 және 18 гентиптеріндегі адам папилломасы вирустары ДНҚ-сын сапалық анықтау үшін де, сандық бағалау үшін де пайдалануға болады.

Жиынтықталымның 1 және 2 түрлері «нақты уақыт» режимінде гибридизациялық-флуоресцентті детекциялаумен 16 және 18 гентиптеріндегі АПВ ДНҚ-сын амплификациялау жүргізуге арналған. Толық ПТР-зерттеу жүргізу үшін Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН ұсынған ДНҚ экстракциялауға арналған реагенттер жиынтықтарын пайдалану қажет.

Жиынтықталымның 3 және 4 түрлері клиникалық материалдан ДНҚ экстракциясын қамтитын толық ПТР-зерттеу жүргізуге және «нақты уақыт» режимінде гибридизациялық-флуоресцентті детекциялаумен 16 және 18 гентиптеріндегі АПВ ДНҚ-сын амплификациялау жүргізуге арналған.

Жиынтықталымның 5 түрі тапсырыс берушінің тілінде және жинақтар бойынша жиынтықталымның келесі таңбалануы үшін өндірістік мақсаттарға арналған.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жиынтықталымның 5 түрі Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН бекітілген регламентке сәйкес қана пайдаланылады.

## **Сақтық шаралары**

Жұмыс санитарлық-эпидемиялық ережелерін сақтаумен инфекциялық аурулар қоздырғыштарының болуына клиникалық материалды молекулярлық-биологиялық (ПТР) зерттеулерді орындайтын зертханада, СЕ 1.3.2322-08 «Патогенділігі (қауіптілігі) III–IV топтағы микроорганизмдермен және паразиттік аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеу қауіпсіздігі», СанЕжН 2.1.7.2790-10 «Медициналық қалдықтарды өңдеуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» және ӘН 1.3.2569-09 «Патогенділігі I–IV топтағы микроорганизмдері бар материалмен жұмыс кезінде нуклеин қышқылдарын амплификациялау әдістерін пайдаланатын зертханалардың жұмысын ұйымдастыру» әдістемелік нұсқауларына сәйкес жүргізілуі керек.

Жұмыс істеу кезінде әрқашан келесі талаптарды орындау керек:

- Зерттелетін үлгілерді инфекциялық қауіпті ретінде қарастырып, СЕ 1.3.2322-08 «Патогенділігі (қауіптілігі) III–IV топтағы микроорганизмдермен және паразиттік аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеу қауіпсіздігі» санитарлық ережелеріне сәйкес жұмысты ұйымдастыру және сақтау.
- Төгілген үлгілер мен реактивтерді дезинфекциялайтын заттарды пайдалана отырып, СЕ 1.3.2322-08 «Патогенділігі (қауіптілігі) III–IV топтағы микроорганизмдермен және паразиттік аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеу қауіпсіздігі» санитарлық ережелеріне сәйкес жинап алу және дезинфекциялау.
- Зертханалық үдеріс бір бағытта болуы керек. Талдау жекелеген бөлмелерде (аймақтарда) жүргізіледі. Жұмыс Бөліп алу Аймағында басталып, Амплификациялау және Детекциялау Аймағында жалғасуы керек. Үлгілерді, жабдықтарды мен реактивтерді үдерістің алдыңғы сатысы өткізілген аймаққа қайтаруға болмайды.
- Пайдаланылмаған реактивтерді СанЕжН 2.1.7.2790-10 «Медициналық қалдықтарды жұмыс істеуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес жою керек.

## **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Амплификациялаудан кейін қалдықтарды (ПТР өнімдері бар пробиркаларды) жою кезінде пробиркаларды ашуға және ішіндегісін төгуге жол берілмейді, өйткені бұл зертхана аумағының, жабдықтар мен реагенттердің ПТР өнімдерімен ластануын туындатады.

- Жинақты осы нұсқаулыққа сәйкес қатаң түрде тағайындалуы бойынша қолдану керек.
- Жинақпен жұмыс істеуге тек арнайы оқытылған қызметкерлер жіберіледі.
- Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін жинақты пайдалануға болмайды.
- Бір реттік қолғаптарды, зертханалық халаттарды пайдалану, үлгілермен және реактивтермен жұмыс кезінде көзді қорғау керек. Жұмыс аяқталған соң қолды мұқият жуу керек.
- Терімен, көзбен және шырышты қабатпен жанасудан аулақ болу керек. Жанасу болғанда зақымданған жерді дереу сумен жуу және медициналық



жәрдем алу керек.

- Материалдардың қауіпсіздігі жөніндегі парақтар (MSDS – material safety data sheet) сұраныс бойынша қол жетімді.

### **Қосымша материалдар мен құрал-жабдықтар**

1. Тасымалдау ортасы – «Муколитикпен тасымалдау ортасы (МТО)» (ТШ 9398-098-01897593-2009) немесе Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН ұсынған басқалары.
  2. ДНҚ бөліп алуға арналған реагенттер жиынтығы – «ДНҚ-сорб-АМ» (ТШ 9398-036-01897593-2009) немесе Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН ұсынған басқалары – жиынтықталымның 1-3 түрлерімен (FER форматы) және 1, 2 (FRT форматы) жұмыс істегенде.
  3. ДНҚ экстракциясына арналған қосымша материалдар мен құрал-жабдықтар – ДНҚ экстракциясына арналған реагенттер жиынтығына нұсқаулыққа сәйкес.
  4. Бактериясыз ауа ортасы боксы (ПТР-бокс).
  5. Центрифуга/вортекс.
  6. Ауыспалы көлемдегі электрондық немесе механикалық дозаторлардың жинағы.
  7. Штативтердегі 200 мкл-ге дейінгі дозаторларға арналған бір реттік ұштықтар.
  8. Штативтердегі 200 мкл-ге дейінгі сүзгісімен бір реттік ұштықтар.
  9. Көлемі 0,2 мл немесе 0,5 мл пробиркаларға арналған штативтер (пайдаланылатын реагенттер жиынтықтарына сәйкес).
  - 10.-16 °С-ден аспайтын мұздатқыш камерасымен 2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурадағы тоңазытқыш.
  11. Жеке халат, қалпақтар, аяқ киімдер және бір реттік қолғаптар ЭН 1.3.2569-09 бойынша.
  12. Ұштықтарды тастауға арналған ыдыс.
- FER форматымен жұмыс істеу кезінде:
13. Көлемі 0,2 мл немесе 0,5 мл бір реттік полипропиленді пробиркалар – «ПТР-жиынтық» FER-100 F нұсқасымен жұмыс істеу кезінде.
  14. 0,5 мл пробиркаларға (мысалы, «Терцик», «ДНҚ-Технология», Ресей); 0,2 мл пробиркаларға (мысалы, Gradient Palm Cyclor (Corbett Research, Австралия) немесе МахуGene (Axygen, АҚШ) арналған бағдарламаланатын амплификатор.
  15. Үш және одан астам детекция каналдарымен флуоресцентті ПТР-детектор (мысалы, ALA-1/4 (BioSan, Латвия); «Джин» («ДНҚ-Технология», Ресей)).
- FRT нұсқасымен жұмыс істеу кезінде:
16. «Нақты уақыт» режимінде флуоресцентті дабылды детекциялау жүйесімен бағдарламаланатын амплификатор (мысалы, Rotor-Gene 3000/6000 (Corbett Research, Австралия), Rotor-Gene Q (Qiagen, Германия), iCycler iQ5 (Bio-Rad, АҚШ), Mx3000P (Stratagene, АҚШ), «ДТ-96» («ДНҚ-Технология», Ресей) және Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН

ұсынған осы реагенттер жинағын қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда).

17. Бір реттік полипропиленді пробиркалар для ПТР Көлеміом 0,2 мл или 0,1мл – при работе с «ПТР-жиынтықом» нұсқасы FRT-100 F:

- а) Көлемі 0,2 мл дөңгелек немесе жалпақ оптикалық мөлдір қақпағы бар ПТР үшін жұқа қабырғалы пробиркалар – планшеттік типті аспапты пайдалану кезінде;
- б) Көлемі 0,2 мл жалпақ қақпағы бар ПТР үшін жұқа қабырғалы пробиркалар (мысалы, Axugen, АҚШ) немесе Көлемі 0,1 мл стриптердегі 4 данадан қақпақтарымен, Rotor-Gene-ге ПТР үшін пробиркалар (мысалы, Corbett Research, Австралия; QIAGEN, Германия) – роторлық типті аспапты пайдалану кезінде.

### **Зерттелетін материалды алу, тасымалдау және сақтау**

Жұмыс басталар алдында Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН Мәскеу, 2008ж. әзірлеген «ПТР-диагностика үшін клиникалық материалды алу, тасымалдау, сақтау» әдістемелік ұсынымдарын оқып шығу керек.

Зерттеу жүргізу үшін келесі клиникалық материал пайдаланылады:

**Әйелдерде:** эпителий үлгілерін сондай-ақ цитологиялық зерттеу сияқты алады:

**Бірінші тәсіл** – үлгілер алуға арналған ішінде бір/екі цервикальдік цитошеткасы және «Муколитикпен тасымалдау ортасы (МТО)» 0,5 мл көлемінде 2 мл-ге пробиркасы бар жиынтық пайдаланылады.

Бір цервикальдік цитошеткамен алынған цервикальдік каналдың (эндоцервикс) эпителий қырындысын және/немесе екінші цервикальдік цитошеткамен алынған жатыр мойнағының беткейімен (экзоцервикс) эпителий қырындысын тасымалдау ортасымен пробиркаға салу керек. Цитошеткалардың жұмыс бөлігін үзіп алып, тасымалдау ортасымен пробиркада қалдыру керек.

**Екінші тәсіл** – үлгілер алуға арналған ішінде цервикальдік цитошеткасы және Digene тасымалдау ортасымен 1,0 мл көлемінде пробиркасы бар Digene (АҚШ) фирмасының жиынтығы пайдаланылады.

Эндоцервикстен цервикальдік цитошеткамен алынған қырындыны Digene тасымалдау ортасымен пробиркаға салу керек.

**Үшінші тәсіл** – үлгілер алуға арналған ішінде эндо-/экзоцервикстен эпителиді бірмезгілде алуға арналған біріктірілген гинекологиялық зонд және «Муколитикпен тасымалдау ортасы (МТО)» 2,0 мл көлемінде 5 мл-ге пробиркасы бар жиынтық пайдаланылады.

Эндоцервикс пен экзоцервикстен алынған қырындыны тасымалдау ортасымен пробиркаға салу керек. Зондтың жұмыс бөлігін үзіп алып, тасымалдау ортасымен пробиркада қалдыру керек.

**Төртінші тәсіл** – үлгілер алуға арналған ішінде эндо-/экзоцервикстен эпителиді бірмезгілде алуға арналған біріктірілген гинекологиялық зонд және CytoScreen (Италия) фирмасының тасымалдау-бекіту ортасымен немесе PreservCyt (АҚШ) фирмасының сұйық цитологияға арналған банкасы бар

жиынтық пайдаланылады.

Эндоцервикс пен экзоцервикстен алынған қырындыны тасымалдау-бекіту ортасымен пробиркаға салу керек. Зондтың жұмыс бөлігін үзіп алып, тасымалдау ортасымен банкада қалдыру керек.

**Бесінші тәсіл** – Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН өндірген «Инфекцияларды ПТР әдісімен диагностикалау үшін қынаптан алынған сүртіндіні өз бетімен алуға арналған жиынтық» пайдаланылады.

**Еркектерде:** эмбебап зондпен алынған уретра эпителиі қырындысын «Муколитикпен тасымалдау ортасы (МТО)» бар 0,5 мл көлемінде 2 мл-ге пробиркаға салу керек.

**Сынамаларды сақтау шарттары:**

- 18 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада – 5 тәуліктен асырмай;
- 2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада – 20 тәуліктен асырмай;
- -16 °С-ден аспайтын температурада – бір жыл бойы. Материалды бір рет мұздатып қатыру-жібітуге жол беріледі.

Сұйық цитология үшін тасымалдау-бекіту ортасында материал бір жыл бойы бөлме температурасында сақталады.

## **ҒЕР нұсқасы**

### **ПТР-зерттеуін жүргізу**

ПТР-зерттеу келесі кезеңдерден тұрады:

- Зерттелетін үлгілерден алынған ДНҚ экстракциялау.
- Амплификация жүргізу.
- «Ақырғы нүкте» бойынша амплификация өнімдерін флуоресцентті детекциялау.
- Нәтижелерді интерпретациялау.

Пайдаланылған жабдыққа байланысты ПТР-зерттеуін жүргізу емшарасы жөніндегі егжей-тегжейлі ақпарат клиникалық материалдағы 16 және 18 гентиптеріндегі адам папилломасы вирустары (АПВ) ДНҚ-сын гибридизациялық-флуоресценттік детекциялаумен полимеразалық тізбекті реакциясы (ПТР) әдісімен анықтауға және дифференциациялауға арналған, Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН әзірленген, «АмплиСенс® АПВ 16/18-FL» реагенттер жинағын қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда баяндалған.

### **Зерттелетін үлгілерден алынған ДНҚ экстракциялау**

ДНҚ экстракциялау үшін пайдаланылатын жиынтыққа нұсқаулыққа сәйкес Роспотребнадзор эпидемиология ҒЗИ ФБУН ұсынған реагенттер жиынтықтары пайдаланылады.

ДНҚ экстракциясы үшін жинақтың 4, 5 және 6 шығару түрлерін пайдалану кезінде жинаққа кіретін «ДНҚ-сорб-АМ» реагенттер жиынтығы пайдаланылады. Жұмыс тәртібін «ДНҚ-сорб-АМ» реагенттер жиынтығын

пайдаланумен ДНҚ экстракциясы» қосымшасында қараңыз.

## Амплификация жүргізу

### А. Амплификациялауға арналған пробиркаларды дайындау

Амплификациялауға арналған пробиркаларды таңдау пайдаланылатын амплификаторға байланысты.

Реагенттерді, ДНҚ сынамалары мен бақылау үлгілерін пробиркаларға енгізу үшін сүзгілері бар бір реттік ұштықтар пайдаланылады.

### А1. «ПТР-жиынтық» FER нұсқасын пайдаланумен амплификацияға арналған пробиркаларды дайындау

ДНҚ сынамасының көлемін қоса – 10 мкл, реакциялық қоспаның жалпы көлемі – 30 мкл

#### 1. «Фон» үлгілерін дайындау. 2 фондық үлгіні дайындау керек:

– ДНҚ экстракциясы үшін ұсынылған реагенттер жиынтықтарынан біреуін пайдаланған кезде:

екі пробиркаға балауыздың беткейіне 20 мкл ПТР-қоспа-Фон-red енгізу керек. ПТР үшін беткейге минералды майдың тамшысын қосу керек (майды амплификатордың типіне байланысты қосу ұсынылады).

– ДНҚ экстракциясы үшін басқа реагенттер жинақтарын пайдаланған кезде пайдаланылатын жинаққа нұсқаманы орындау керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** «Фон» үлгілерін амплификациялау жүргізгеннен кейін 1 ай бойы 2 °С-ден 20 °С-ге дейінгі температурада сақтауға және көп рет пайдалануға болады. «Фон» пробиркаларын бірдей сериялы реагенттер жинағымен, бірдей типтегі бөлінетін реагенттермен және бірдей типтегі ПТР-пробиркаларымен бірге пайдаланған жағдайда, оларды көп рет пайдалануға рұқсат етіледі.

2. Зерттелетін және бақылау сынамаларын ДНҚ амплификациялау үшін **АПВ 16/18 ПТР-қоспа-1-FL бар** пробиркалардың қажетті санын алу керек.

3. Балауыздың беткейіне **ПТР-қоспа-2-FL-red 10 мкл-ден** енгізу керек, сонымен қатар ол балауызға түсіп кетпеуі және **АПВ 16/18 ПТР-қоспа-1-FL-мен** араласпауы керек.

4. ПТР үшін беткейге минералды майдың тамшысын қосу керек (майды амплификатордың типіне байланысты қосу ұсынылады).

5. Дайындалған пробиркаларға зерттелетін немесе бақылау үлгілерінің ДНҚ экстракциясы нәтижесінде алынған **ДНҚ сынамаларын 10 мкл-ден** енгізу керек.

6. Бақылау реакцияларын төмендегідей қою керек:

а) **ПТР теріс бақылауы (Б–)** – пробиркаға **10 мкл ДНҚ –буферді** енгізу керек;

б) **ПТР оң бақылауы (Б+)** – пробиркаға **10 мкл 16, 18 типтердегі АПВ ДНҚ және адам ДНҚ ОБУ** енгізу керек;

в) **экстракцияның теріс бақылауы (Ба–)** – ДНҚ экстракциясы үшін ұсынылған реагенттер жиынтықтарының біреуін пайдаланған жағдайда

пробиркаға ТБҮ-ден бөлінген **10 мкл** сынаманы енгізу керек.

Ескертпе – экстракцияның теріс бақылауы (Б–) пробиркасына ДНҚ экстракциясы үшін басқа реагенттер жинақтарын пайдаланған кезде пайдаланылатын жинаққа нұсқаулыққа сәйкес 10 мкл тиісті сынаманы (Б–) енгізу керек.

**А1. «ПТР-жиынтық» FER-100 F нұсқадағы реагенттер жиынтығының көмегімен амплификация үшін пробиркаларды дайындау ДНҚ сынамасының көлемін қоса – 10 мкл, реакциялық қоспаның жалпы көлемі– 25 мкл.**

1. «Фон» дайындау. **2 фондық үлгіні дайындау керек.** Ол үшін:

– **ДНҚ экстракциясы үшін ұсынылған реагенттер жиынтықтарынан біреуін пайдаланған кезде:**

екі ПТР-пробиркаға **10 мкл ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18 және 15 мкл ПТР-қоспа-Фонды** енгізу керек. ПТР үшін беткейге минералды майдың тамшысын қосу керек (майды амплификатордың типіне байланысты қосу ұсынылады).

– **ДНҚ экстракциясы үшін басқа реагенттер жинақтарын пайдаланған кезде пайдаланылатын жинаққа нұсқаулықты орындау керек.**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!»** «Фон» үлгілерін амплификациялау жүргізгеннен кейін 1 ай бойы 2 °С-ден 20 °С-ге дейінгі температурада сақтауға және көп рет пайдалануға болады. «Фон» пробиркаларын бірдей сериялы реагенттер жинағымен, бірдей типтегі бөлінетін реагенттермен және бірдей типтегі ПТР-пробиркаларымен бірге пайдаланған жағдайда, оларды көп рет пайдалануға рұқсат етіледі.

2. **ПТР-қоспа-2-FRT мен полимераза**ның (TaqF) қоспасын дайындау керек. Ол үшін **полимеразамен (TaqF) (30 мкл)** бір пробирканың ішіндегісін **ПТР-қоспа-2-FRT (300 мкл)** бар пробиркаға толығымен апарып салу және көбік түзілуіне жол бермей, вортексте мұқият араластыру керек. Қоспаны дайындау күнін көрсетіп, пробирканы таңбалау керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Дайындалған қоспа 60 үлгіні зерттеуге есептелген. Қоспаны 2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада 3 ай бойы сақтау және қажет болған кезде пайдалану керек.

3. Реакциялық қоспаны дайындау керек (1 кестені қараңыз). Есептеу кезінде тіпті бір үлгіні зерттеу үш бақылау реакциясын қоюмен қатар жүретінін ескеру қажет. Бұдан басқа **артығымен** реагенттерді алып, тағы бір реакцияға есептеу керек.

Есептеу әрбір ПТР қойылымына төмендегілер талап етілетіндігі бойынша жүргізіледі:

- 10 мкл **ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18;**
- 5 мкл **қоспа ПТР-қоспа-2-FRT және полимераза (TaqF).**

## Реакциялық қоспаларды дайындау сызбасы

Зерттелетін үлгілердің саны	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18, мкл	80	90	100	110	120	130	140	150	160	170	180	190	200
Қоспа ПТР-қоспа-2-FRT және полимераза (TaqF), мкл	40	45	50	55	60	65	70	75	80	85	90	95	100
Зерттелетін үлгілердің саны	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31
ПТР-қоспа-1-FL АПВ 16/18, мкл	230	240	250	260	270	280	290	300	310	320	330	340	350
Қоспа ПТР-қоспа-2-FRT және полимераза (TaqF), мкл	115	120	125	130	135	140	145	150	155	160	165	170	175

Ескертпе – Есептеу мына формулаға сәйкес үлгілер үшін берілген:  $n + 4$ , мұнда  $n$  – зерттелетін клиникалық үлгілердің саны, 4 – ПТР-зерттеу бақылаулары, олардан 1 экстракция кезеңін бақылау, 2 ПТР кезеңін бақылау және бір пробиркаға артығы.

4. Әрбір зерттелетін үлгі, оң және теріс бақылаулар үшін «Жұмыс орны» штативінде бір ПТР-пробиркадан орнату керек. Әрбір пробиркаға дайындалған қоспаны **15 мкл**-ден енгізу керек.
5. ПТР үшін беткейге минералды майдың тамшысын қосу керек (майды амплификатордың типіне байланысты қосу ұсынылады).
6. Дайындалған пробиркаларға зерттелетін немесе бақыланатын үлгілерден экстракция нәтижесінде алынған **ДНҚ сынамаларын 10 мкл**-ден енгізу керек.
7. Бақылау реакцияларын төмендегідей қою керек:
  - а) **ПТР теріс бақылауы (Б–)** – пробиркаға **10 мкл ДНҚ –буферді** енгізу керек.
  - б) **ПТР оң бақылауы (Б+)** – пробиркаға **10 мкл 16, 18 типтердегі АПВ ДНҚ және адам ДНҚ ОБУ** енгізу керек.
  - г) **Экстракцияның теріс бақылауы (Ба–)** – пробиркаға ДНҚ экстракциясы үшін ұсынылған реагенттер жиынтықтарының біреуін пайдаланған жағдайда пробиркаға ТБҮ-ден бөлінген **10 мкл** сынаманы енгізу керек.

Ескертпе – экстракцияның теріс бақылауы (Б–) пробиркасына ДНҚ экстракциясы үшін басқа реагенттер жинақтарын пайдаланған кезде пайдаланылатын жинаққа нұсқаулыққа сәйкес бөлінген 10 мкл тиісті сынаманы (Б–) енгізу керек.

Амплификаторға салмай тұрып, қысқа (1-3 с) центрифугалау арқылы пробиркалардың қабырғаларынан тамшыларды тұндыру ұсынылады.

## Б. Амплификация жүргізу

1. Тиісті бағдарламаны амплификаторда іске қосыңыз (2, 3 кестені қараңыз). Ұяшықтардағы температура 95 °С-ге жеткенде (үзіліс режимі), пробиркаларды амплификатордың ұяшықтарына салу және бағдарламаны жалғастыру үшін түймені басу керек.

2 кесте

### «АмплиСенс-1-FER» амплификациялау бағдарламасы

	«Терцик»			GeneAmp PCR System 2700			Gradient Palm Cycler, MaxyGene		
Цикл	Температура, °С	Уақыты	Циклдердің саны	Температура, °С	Уақыты	Циклдердің саны	Температура, °С	Уақыты	Циклдердің саны
0	<b>95</b>	Үзіліс		<b>95</b>	Үзіліс		<b>95</b>	Үзіліс	
1	<b>95</b>	5 мин	1	<b>95</b>	5 мин	1	<b>95</b>	5 мин	1
2	<b>95</b>	2 с	35	<b>95</b>	20 с	20	<b>95</b>	2 с	24
	<b>65</b>	5 с		<b>65</b>	25 с		<b>65</b>	10 с	
	<b>72</b>	5 с		<b>72</b>	30 с		<b>72</b>	10 с	
3	<b>95</b>	2 с	9	<b>95</b>	20 с	24	<b>95</b>	2 с	20
	<b>60</b>	10 с		<b>60</b>	30 с		<b>60</b>	15 с	
	<b>72</b>	5 с		<b>72</b>	30 с		<b>72</b>	10 с	
4	<b>95</b>	2 с	1	<b>95</b>	20 с	1	<b>95</b>	2 с	1
	<b>60</b>	10 с		<b>60</b>	30 с		<b>60</b>	15 с	
	<b>10</b>	сақтау		<b>10</b>	сақтау		<b>10</b>	сақтау	

Ескертпе – Бұл бағдарлама тек «ПТР-жиынтық» **FER** нұсқасымен жұмыс істеу кезінде пайдаланылады.

3 кесте

